

# Институттың бүгіні мен болашағы хақында

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты – аймақтың әлеуметтік-мәдени дамуы үшін заманауи білім беру моделін білетін және оны меңгерген педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орны.**

Институттың 3 факультетінде 30 мамандық иесін дайындайтын 2 оқу ғимараты, 5 мамандандырылған залы бар спорттық-сауықтыру кешені, компьютерлік, мультимедиялық сыныптар, интерактивтік дәрістік аудиториялар, асхана, медпункт бар.

Институт қызметінің басты міндеті – жаңа формациядағы, бәсекеге қабілетті, озық ойлы, өзіне және қоғамға шығармашылық және сындарлы көзқараспен қарайтын педагогикалық кадрларды сапалы даярлау.

Институтта ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы», «Білім туралы» Заңдарына сәйкес, «ЖОО Стратегиялық даму жоспары», «Ғылыми-зерттеу жұмыстарының Ережесіне» сәйкесті жүзеге асырылады.

Соңғы үш жыл ішінде профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлерінің шетелдік жарияланымдық белсенділігі сияқты ғылыми-метрикалық көрсеткіштері де өсті. Факультеттер бойынша 2021 жылы барлығы 11 монография, 438 ғылыми мақала басылымнан шықты. Соның ішінде халықаралық базаларының импакт-фактор басылымдарындағы жарияланымдары және БҒСБҚ ұсынған басылымдардағы мақалалар саны өткен жылдармен салыстырғанда едәуір өсті.

Институттың ғылыми дәрежелі оқытушылары ф.-м.ғ.к. А.У.Үмбетовтің, ф.ғ.к. А.Е.Дүйсебекованың, ф.ғ.к. Б.А.Рахметованың, ф.ғ.к. Ш.А.Валихановтың, п.ғ.к. З.Ш.Колдасбаеваның, п.ғ.к. С.Ж.Туриқпенованың, философия.ғ.к. Г.С.Конкинаның, ф.ғ.к. А.К.Калиев, PhD доктор Р.Л.Калимжанова, PhD доктор Ә.Ескермесұлы, PhD доктор Оспанбекова М.Н. PhD доктор Қ.У.Қоразбековалардың ғылыми зерттеулері жарияланған.

Институтта физика бойынша ғылыми мектеп үлгісіндегі бағыттарды қалыптастыруда ф.-м.ғ.к., АрқПИ профессоры Ә.У.Үмбетовтың «Физиканы оқытуда студенттердің құзы-

реттілігін дамыту» бағытында 4 магистр мен 15 студент зерттеумен айналысады. Есептік кезеңде зерттеу бағыттары бойынша 44 ғылыми мақала жарық көрді.

Филология төңірегінде ф.ғ.к., Ү.І. Алтынсарин атындағы АрқПИ профессоры А.К.Қалиевтің ғылыми мектебінде 25 студент, 4 оқушы ғылыми жұмыспен шұғылданды. Ғылыми мектеп мүшелерінің қатысуымен «Торғай ақындық мектебі» монографиясы, «Торғай ақындарының шығармашылығы» оқу құралы жарық көрді.

Профессор-оқытушылар құрамы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқауына дәстүрлі түрде қатысып отырады. Бүгінгі күнге дейін аталған байқауда 6 үздік оқытушымыз жеңімпаз атанды.

Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқыту жолға қойылып, институт тарапынан 8 профессор-оқытушылар құрамы ғылыми-тағылымдама өтіп жатыр. Атап айтқанда Бельгияның Гент университетінде 6 айға – 1, Түркияның Ақдениз университетінде 2 ай мерзімінде – 7 адам тағылымдамадан өтуде.

Институтта халықаралық ынтымақтастық бірнеше бағыттар бойынша дамып келеді. Шетелдік 13 ЖОО, 3 ұйымдармен халықаралық шарт жасалған. Шетелмен өзара байланысты кеңейту, білім мен ғылым интеграциясына қол жеткізу үшін, шетелдік оқу орындарының ғалымдарын тарту мақсатында «Есептеу орталығы мен математика институты» Ресей ғылым академиясының Уфа федералдық зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, ф.-м.ғ.к. Н.Ф.Валеев шақырылып, 2021 жылдың күз айларында жаратылыстану және ақпараттандыру факультетіне қарасты білім беру бағдарламаларының білім алушыларына «Компьютер архитектурасы» және «Математикалық және компьютерлік модельдеу» бағыттары бойынша курс сабақтарын өткізді.

2013 жылдан бастап 12 сәуір – Ғылым күніне орай жыл сайын студенттердің зерттеушілік біліктіліктерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұйымдастырушылық және материалдық жағдай жасау мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Басқарма Төрағасы-Ректор сыйлығын талап ету конкурсы өтеді.

Ғалымдардың қызметін және студенттерді ынталандыру үшін институт жыл сайын

«Жылдың үздік оқытушысы», «Болашақтың ғалымдары», «StartUP ArkPI» студенттік инновациялық идеялар мен бизнес-жобалар байқауы сияқты іс-шаралар мен ғылыми жобалар конкурстарын өткізеді. Білім алушылар республикалық пән олимпиадаларынан жүлделі орындар мен үлкен жетістіктер көрсетіп жүр.

Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылығының айтарлықтай өсу үрдісін, ғылыми конференцияларға қатысу белсенділігі көрсетіп отыр. Олардың нәтижелері жыл сайынғы студенттік ғылыми конференцияларда баяндалады, жергілікті және республикалық басылымдарында жарияланады. Институт базасында оқу жылы ішінде әр жыл сайын дәстүрлі түрде 4-5 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп отырады.

Білім беру ұйымының алдына қойылған мақсаты – 2025 жылға қарай педагогикалық көшбасшы институт болу үшін 5 академиялық шеберлік орталығын құру жөніндегі «Мықты педагогикалық жоғары оқу орындары» атты республикалық жобаға қатысып, жеңімпаздар қатарынан көрінді. Алдағы төрт жылда 4 миллиард теңге жаратылыстану бағытындағы зертханалардың дамуына жұмсалатын болады. Жоғары оқу орындарының халықаралық имиджі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инновациялық экожүйесін қалыптастыруға негізделген жоба біздің институттың Қостанай облысы білім беру ұйымдарымен тығыз ықпалдасуына мүмкіндік береді деп сенемін.

Биыл Алаш арысы А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы және институттың ашылғанына – 50 жыл. Маңызы бар мерейтойлық аталымды мазмұнды өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспары бекітіліп, дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

Педагогикалық институттың аймақтық білім беру жүйесімен бірлескен даму бағдарламасының мақсаты айқын. Моноқалалар тізіміндегі Арқалық қаласының инновациялық үдерісі мен әлеуметтік дамуына айтарлықтай үлес қосып, тағдыры сан түрлі қиындықты еңсерген қала, аймақ халқының руханиятына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсетуді жалғастыра бермек.

**Сейтбек ҚУАНЫШБАЕВ,**  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының Басқарма Төрағасы – Ректор.



## Жемқорлық қоғам - жетілген қ

**Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның кіші мәжіліс залында «AMANAT» партиясының Арқалық қалалық филиалы жанындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - әрекет жасау жөніндегі қоғамдық кеңесінің» кезекті отырысы өтті.**

Кеңес құрамында қалалық мәслихат депутаттары, азаматтық сектор өкілдері бар. Кеңестің мақсаты – атқарушы органдардың ашықтығын, бюджеттің орындалу барысын қадағалау, жариялылықты қамтамасыз ету.

Қоғамдық кеңес жұмысын кеңес төрағасы, қалалық мәслихат депутаты Аманкелді АХМЕТЖАНОВ ашып, жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде: Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Жаңа Қазақстанның Стратегиялық реформаларын жариялағанын, Президент пәрменіне сай бүгінгі таңда мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі - Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту болып табылатынын алға тартты.

Еске сала кетсек, қоғамдық кеңес бұған дейін қаладағы мәдениет саласы басшыларының есептерін тыңдаған болатын. Кеңестің кезекті отырысында Арқалық қаласы әкімдігінің білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстар туралы тыңдалым өткізіліп, онда: қалалық білім бөлімінің әдіскері